

егемен

Казвәтәһән

## Жалғыз қолмен айқасып

Бокстан әлем чемпионы Серік Сәпиев осылайша жеңіске жеткен

Қарағандының іргесіндегі Абай – шағын шаһар. Сөйткенмен, ол спорт әлемінде белгілі қала. Осыдан біраз жылдар бұрын оның атағын алғаш рет алысқа аспандатқан боксшы Серік Нұрқазов болса, енді және бір саңлағы мерейін қайта асырып тастады. Бір қызығы, бұл жолы да шоқтығын биіктеткен боксшы жігіт. Алдындағысы Еуропа жеңімпазы атанып дүрілдесе, кейінгісі одан да асып түсіп әлем чемпиондығына көтерілді. Мұның есімі де Серік. Үлкен Серіктің жолын қуған кіші Серіктің он екі жылдан беріде шаршы алаңда төккен ащы тері, ұшталған шеберлігі мен жанылған жігері ақыры өткен жылдың қарашасында Қытайдың Миньян қаласында ақталып, қазақ боксының даңқы дүние жүзіне тағы жаңғырықты. Соның көгінде Серік Сәпиев атты жаңа жұлдыздың туғандығы, самғар сайыпқыран сомдалғаны қазір біреулерді қызықтырса, біреулерді қызғантады. Несі бар, қызғаныш та шарасыздықтан мойындағандық қой.

Абай мен Миньян аралығында өтілген белестің ішінде, әрине, Серіктің 13 жасында тұңғыш рет қолына былғары қолғап кигені ерекше есінде. Сол шақтан басқа-басқа емес, спорттың бұл түріне неге үйірілді, ол несімен тартты? Мұны еске алғанда әкесінің бауыры Бақтай Сәпиев ойына оралады. Иә, иә, кезінде кеңестік кеңістікте атағы шырқаған боксшы еді ол. Немере інісінің бойынан өзіне ұқсаған қабілетті таныды ма, әлде ер мінездікке шыңдалуын қалады ма, әйтеуір әкесін де, өзін де көндіріп балақай боксшылардың ортасына қосып жіберген болатын. Содан соң-ақ сонда қалды. Ер жетіп есейгенге дейінгі оқудан соңғы сүйікті ермегі бокс болып кетті.

Бағына қарай, Александр Стрельников сынды жаттықтырушыға тап болды. Бокстың қазақстандық жанкүйерлеріне бұл есім де ертеден танымал. Өткен ғасырдың жетпісінші жылдары соңында небір мықтылармен жұдырықтасқан дәйдің бірі. Кеңес одағы құрама командасының мүшесі қатарында талай халықаралық сайыстарда сойқын соққылары қарсыластарының есін тандырған жігітіңіз осы. Кейіннен жаттықтырушылыққа ауысып, Абай қаласында жергілікті бокс мектебін қалыптастырды. Міне, онда еңбек етіп келе жатқанына ширек ғасырдан асты. Соның он үш жылы Серік Сәпиевті әлемдік деңгейдегі боксшыға өсіруге сарп етілсе, ендігі мақсаты алдағы Олимпиадада жұлдызын жарқырату. “Шәкіртімнің күш-қабілеті кемел шағында. Шүкір, шеберлігіне өкпе жоқ, тәжірибесі боса-болмасын жеткілікті. Сәтін салса, алдына жан салмасына сенемін”, дейді Александр Владимирович.

Айта кету керек, Серіктің аты ауыздан түсе бастамағаны осы соңғы екі-үш жылдың жүзі. Бүкіл спорт дүниесі сияқты бокс өнерінде де жарып шығу қиын. Бірақ қайткенде талант танылмай қалмайды емес пе. Сол қасиетінің сілкініс-серпілісі, әсіресе, былтыр ашылып сала берді. Қарулы күштер жауынгер боксшыларының АҚШ-та өткен әлемдік біріншілігінде өз салмағында ешкімге бет қаратпай оралған соң басты мақсат – Миньян

айқасында айбын асыру үшін дайындыққа тер төгіп кеткен-ді. Салмақ делінбекші, 60 килодан ауысып, 64 кило дәрежесінде күш сынасуға түспектігі жауапкершілік жүгін ауырлатқан. Өзіне деген сенім қанаттандырған Серік соны ақтауға туған қаласындағы Абай ескерткішіне тағзым етумен аттанған еді.

Бокс бойынша XIII әлем чемпионатында қос қазақ жігіті алтыннан алқа таққаны белгілі. Әңгімеміз Серік Сәпиев жайлы болғандықтан, оның жеңіске қалай қол жеткізгеніне тоқталалық. Өзі соны еске түсіргенде осынау дүбірлі дода басталуға төрт күн қалғанда әдеттегі жаттығу кезінде сол қолын жарақаттап алып, қатты қиналғанын айтады. Өйткені, соққыласудың күрзі күшін нақ осы қолы арқылы көз аштырмаудан ыңғайланған екен. Өйткенмен, лажы не, шегінерге жер жоқ, бәсекелестеріне айқасуға қолайлы қолының жарақаттанғанын сездірмей бағады. Алғашқы жекпе-жекте армян қарсыласын тізе бүктірсе, келесі кезекте әзірбайжан әріптесінен басым түседі. Жартылай финалда украиндық боксшыны да бет қаратпай, өзбек жігіті Дилшад Махмудовпен ақырғы шайқасқа шығады. Оны ұпай санының айқын басымдығымен ұтады. Дәлірек айтқанда, 40:21 есебімен жеңіске жетті.

“Осы кездесулерден соң оларды жалғыз қолмен дерлік өткізгенімді білген басты қарсыластарым, жаттықтырушылары бастарын шайқап танданды. Өзім де аяғына дейін сыр бермей шыққаныма қайранмын әлі. Жылдар айналтып бір келер мұндай жарыстарда бар ерік-жігеріңді жұмылдырып жұмсап қалмасаң, екінші сәт тумауы мүмкін. Осы бір ой қамшылап, ештеңеден тайынбай, аянбағаным тәуір болды”, деп жымия сыр ақтарған Серік қазір сол қолының күш-қайраты қалпына келгенін ауыр қапшықты оңды-солды соққылауымен байқатып өтті.

Елінің даңқын асырған жігіт бұл күнде Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінде оқиды. Заңгер болуды қалаған. Мұндай азаматқа қандай сый-құрмет те лайық болса, тәуірі ол одан кенде емес. Ректораттың шешімі бойынша ақылы оқудан босатылып, тегін білім алуға мүмкіндік жасалды. Облыс әкімі атынан екі бөлмелі пәтер тарту етілді. Оның әлем чемпионы атануы Қарағанды бокс мектебінің мерейін өрлетіп отыр. Спортта алынар асудың ең биігі де, мәртебелісі де Олимпиада жеңімпазы атану екені аян. Сәпиевтің ендігі көздегені осы мақсат. Аспан астындағы ұлы ел астанасында өтетін небір саңлақтар сайысында оза шауып, шыңға шығу жүрегін бұлқынтады. Несі бар, 23-ке енді аттаған азаматқа орындалмас арман емес бұл.

Қарағанды. Авторы: Айқын Несіпбай.